



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 40 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І
2013 жылғы 5 қараша

*«Қазақстанның қалалары» монеталар сериясынан
«Қостанай», «Талдықорған», «Тараз»
ескерткіш монеталарын айналысқа шығару туралы*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2013 жылғы 5 қарашадан бастап «Қазақстанның қалалары» монеталар сериясынан номиналы 50 теңгелік, нейзильбер қоспасынан жасалған «Қостанай», «Талдықорған», «Тараз» ескерткіш монеталарын айналысқа шығару туралы хабарлайды.

«Қостанай», «Талдықорған» және «Тараз» ескерткіш монеталарының бет жақтарындағы (аверсіндегі) бейнелері бірдей. Монеталардың бет жағында (аверсінде) орталық бөлігінде монетаның номиналын білдіретін «50 ТЕНГЕ» деген жазу бар. Жоғарғы бөлігінде ою-өрнекті сегіз бұрышты розетка, төменгі бөлігінде – ұлттық ою-өрнек элементі. Номиналдың оң жағында «ҚҰБ» деген аббревиатура орналасқан. Айналысқа шығару жиек жүргізілген.



«Қостанай» ескерткіш монетасының сырт жағында (реверсінде) орталық бөлігінде Қостанай қаласының гербі бейнеленген. Айналысқа мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ» деген жазу, монетаның соғылған жылын білдіретін «2013» деген сан және шығыңқы жиек жүргізілген. Жазу мен сан нүктелермен бөлінген.

«Талдықорған» ескерткіш монетасының сырт жағында (реверсінде) орталық бөлігінде Талдықорған қаласының гербі бейнеленген. Айналысқа мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ» деген жазу, монетаның соғылған жылын білдіретін «2013» деген сан және шығыңқы жиек жүргізілген. Жазу мен сан нүктелермен бөлінген.

«Тараз» ескерткіш монетасының сырт жағында (реверсінде) орталық бөлігінде Тараз қаласының гербі бейнеленген. Айналысқа мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ» деген жазу, монетаның соғылған жылын білдіретін «2013» деген сан және шығыңқы жиек жүргізілген. Жазу мен сан нүктелермен бөлінген.

Монеталардың бет жағындағы және сырт жағындағы суреттер мен жазулар бедерленген. Қыры (гурты) бедерлі.

Монеталар «нейзильбер» қоспасынан жасалған, диаметрі – 23 мм, массасы – 4,71 грамм, әрбіреуінің таралымы – 50 мың дана.

Номиналы 50 теңгелік ескерткіш монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында көрсетілген құнымен төлемнің барлық түрлері бойынша, сондай-ақ шоттарға, салымдарға, аккредитивтерге есептеу үшін және аударым жасау үшін қабылдануға міндетті, Қазақстан Республикасының барлық банктерінде шектеусіз ұсақталады және айырбасталады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің осы ресми хабарға түсіндірмесі

Ескерткіш монеталар «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорнында дайындалған.

Монеталардың дизайны Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 25 қыркүйектегі № 1193 Жарлығымен бекітілген Қазақстан теңгесі – ұлттық валюта банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасына сәйкес әзірленген.

Монеталарды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің барлық филиалдарында сатып алуға болады. Алматы қаласында мына мекенжай бойынша: Панфилов көшесі, 98. Анықтама үшін телефоны (727) 273-83-98.

*Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 270-46-39
E-mail: press@nationalbank.kz, www.nationalbank.kz*